

2009 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 23 сәуірдегі N 5/20 қаулысы. Қарағанды облысы Шахтинск қаласы Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 мамырда N 8-8-68 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарын, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 Жарлығын орындауда Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Қалалық әскерге шақыру комиссиясының жеке құрамы бекітілсін:

Садыков Кенжебай Мафилович – "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия
т ө р а ғ а с ы ;

Егишев Бекежан Кабиденевич – Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары, комиссия
т ө р а ғ а с ы н ы ң о р ы н б а с а р ы ;

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Шорова Елена Ивановна – "Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі" Мемлекеттік мекемесі бастығының
о р ы н б а с а р ы ;

Бойцова Людмила Александровна – көз дәрігері, медициналық комиссияның
т ө р а й ы м ы ;

Султанова Фания Рафиқовна – комиссия хатшысы.

3. Комиссия мүшелерінің біреуінің ауырған немесе басқа да себептермен болмаған кезеңіне комиссияның резервтік құрамы бекітілсін:

Ахметов Ануар Тұрсынханович – "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары,

к о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы ;

Нұрмағанова Сандуғаш Оразхановна – "Шахтинск қаласының ішкі саясат бөлімі"
Мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі, комиссия төрағасының орынбасары;

К о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Абишев Евгений Серикович – "Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті
Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі" Мемлекеттік мекемесі бастығының
о р ы н б а с а р ы ;

Ли Ирина Алексеевна – психиатр дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы;

Фальковская Анна Викторовна – комиссия хатшысы.

4. Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының
"Шахтинск қ. орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорынының директорына (М.М. Байманов) сапалы медициналық куәландыру беру
ү ш і н :

1) әскерге шақыруды өткізу кезеңінде мына есепте ең тәжірибелі
маман-дәрігерлерді бөлсін:

т е р а п е в т - д ә р і г е р – 1 ;

х и р у р г - д ә р і г е р – 1 ;

п с и х и а т р - д ә р і г е р – 1 ;

о т о л а р и н г о л о г - д ә р і г е р – 1 ;

н е в р о п а т о л о г - д ә р і г е р – 1 ;

к ө з д ә р і г е р і – 1 ;

т і с д ә р і г е р і – 1 ;

д е р м а т о в е н е р о л о г - д ә р і г е р – 1 ;

м е д и ц и н а л ы қ б и к е – 6 а д а м ;

2) қалалық әскерге шақыру учаскесін қажетті медициналық құралдармен,
жабдықтармен, дәрі-дәрмектермен жабдықтасын;

3) дәрігерлік комиссиямен жолданған әскерге шақырушыларды тексеру үшін
қаланың емдеу мекемелерінде қажетті төсек резервін жасасын;

4) әскерге шақыруға жататын, барлық азаматтардың электрокардиограммадан,
кеуде қуысын флюорографиядан өткізуін, клиникалық анализдерін тапсыруын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының
"Шахтинск қаласының стоматологиялық емханасы" Коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорыны (А.С. Себепов) тіркеуді өткізу кезеңінде емделуді қажет
ететіндердің барлығына ауыз қуысының санациясын қамтамасыз етсін.

6. Шахан, Долинка, Новодолинский кентінің әкімдеріне (А.Е. Ключев, Е.О.
Солтабаев, З.С. Жапарова) әскерге шақырылуға жататын барлық азаматтарға жекелеген
түрде шақыру қағаздарын беруді және әскерге шақыру комиссиясына
ұйымдастырылған түрде келулерін, әскери бөлімдерге жөнелтірулерін қамтамасыз

етсін. Әскерге шақырылудан жалтарған жастарды іздестіру үшін кент полициясының қызметкерлері тартылсын. Сол тұлғаларды жеке есепке алсын.

7. "Шахтинск қаласының білім беру бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (А.К. Акатаев), "Шахтинск қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (С.К. Ибраева) "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесімен бірлесіп (К.М. Садықов) (келісім бойынша) қалалық Әскерге шақыру күнін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарында қызмет ету үшін салтанатты түрде шығарып салуды өткізсін.

8. "Қарағанды облысының Ішкі істер департаменті Шахтинск қаласының ішкі істер бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (М.Г. Терликов) (келісім бойынша):

1) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін Қарағанды облысының жинау пунктіне әскер қатарына шақырылғандарды жіберу үшін және әскерге шақыру комиссиясының жұмыс күндерінде байланыс құралдарымен және автокөлікпен қамтамасыз етілген әскерге шақыру пунктіне полиция нарядын тағайындау;

2) шұғыл әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтарды іздестіруді, ұстауды және әскерге шақыру учаскесіне жеткізуді қамтамасыз ету ұснылсын. Әскер қатарына шақырылғандарды іздестіру және жеткізу бойынша шығындардың барлығын сол тұлғалардың есебінен төлесін.

3) "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне қылмыстық жазасын өтеп жатқан, тергеуде жүрген және бұрын сотталған тұлғалар туралы ақпарат беру ұсынылсын.

9. "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (К.М. Садықов) (келісім бойынша), Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының "Шахтинск қ. орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына (М.М. Байманов), Қарағанды облысы әкімдігі Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының "Шахтинск қаласының стоматологиялық емханасы" Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынына (А.С. Себепов) әскерге шақыру шараларын өткізгенде медициналық қамтамасыз ету туралы шарт жасау ұсынылсын.

10. "Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (К.М. Садықов) (келісім бойынша) әскер қатарына шақырылғандарды тасымалдау бойынша қызметтерді, тауарларды және жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстың жеңімпаздарымен шарт жасау ұсынылсын.

11. "Шахтинск қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (Т.В. Перова) комиссияның жұмыс уақытында әскерге шақыру учаскесіне судың, электр, жылу қуатының тоқтамай берілуін қамтамасыз етсін.

12. "Шахтинск қаласының қаржы бөлімі" Мемлекеттік мекемесіне (А.Б. Меллятов)

медициналық куәландырумен, клиникалық анализдерді тапсырумен, электрокардиограмма, флюорографияны өтумен, көлік құралдарымен байланысты шығындар сметасымен және оған қоса берілген шарттарға сәйкес жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырысын.

13. Шұғыл әскери қызметке азаматтарды шақыруды өткізу қорытындысы туралы ақпарат ішкі саясат бөліміне 2009 жылдың 6 шілдесіне дейінгі және 2010 жылдың 6 қаңтарына дейінгі мерзімде берілсін.

14. Шахтинск қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі N 5/36 "2008 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 8-8-53 тіркелген; "Шахтинский вестник" газетінің 2008 жылғы 30 мамырдағы N 21 (923) жарияланған) күшін жойған деп танылсын.

15. Осы Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б.К. Егишевке жүктелсін.

16. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қаласының әкімі *Е. Утешев*

Келісілген:

Аты-жөні Лауазымы Қолы, күні, мөрі

Садыков "Қарағанды облысы Шахтинск

Кенжебай қаласының Қорғаныс істері

(қолы)

Мафикович жөніндегі бөлімі" Мемлекеттік
мекемесінің бастысы

2009 ж. 23.04

Терликов "Қарағанды облысының Ішкі

Манат істер департаменті Шахтинск

(қолы)

Газизович қаласының ішкі істер бөлімі"

2009 ж. 23.04

Мемлекеттік мекемесінің бастығы